

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 17 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2364. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 72 бұйрығымен.

Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009.04.01 № 72 бұйрығымен.

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 10 мамырдағы N 65 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексiне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесі бекітілсін.

Ескерту: Тақырыбына және 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы		
Э к о н о м и к а	ж ә н е	б ю д ж е т т і к	
ж о с п а р л а у	м и н и с т р і н і ң		
2 0 0 3	ж ы л ғ ы	3 0	с ә у і р д е г і
N 7 5	б ұ й р ы ғ ы м е н		
б е к і т і л г е н			

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесі

Ескерту: Ереженің тақырыбына өзгертулер енгізілді, мәтiнiнде және қосымшаларда "шығындардың" деген сөз "шығыстардың" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

Ескерту: Бүкіл мәтін бойынша және қосымшаларда "негізгі", "Негізгі" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2007.12.27. N 227 Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже республикалық және жергілікті бюджеттердің жобасын әзірлеу кезінде бюджеттік бағдарламалардың қажеттігін негіздеу және оны қаржыландыру сомасын анықтау үшін алдағы қаржы жылына және үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімнің құрылымын, оны жасау және ұсыну тәртібін анықтайды.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

2. Бюджеттік өтінімді жасаудың мақсаты бюджеттік бағдарламаны орындаудың қажетті ресурстары мен нәтижелері туралы сандық және қаржылық ақпарат негізінде және қаржы ресурстарының шектеулілігі шартында болжамды кезеңге арналған бюджеттік бағдарламаларды таңдау, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың тиімділігі мен нәтижелілігін кейіннен бағалау болып т а б ы л а д ы .

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

3. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі (бұдан әрі - бағдарламалардың әкімшісі) бюджеттік өтінімді тиісті бюджет комиссиясы анықтаған басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі мен оларды тиісті бюджеттен қаржыландыру көлемдерінің шегінде жасайды.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 , ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

4. Б ю д ж е т т і к ө т і н і м :
бірыңғай бюджет сыныптамасы;
бюджет шығыстарының лимиттері;
өткен қаржы жылындағы бюджет комиссиясы мақұлдаған үш жылғы кезеңге арналған бюджеттік өтінімі;
республиканың немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары мен орта мерзімді фискалдық саясаты;
бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және уәкілетті органдар жеткізген басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (ішкі бағдарламалардың) тізбесі (бұдан әрі - у ә к і л е т т і о р г а н) ;
бюджеттік бағдарламалар паспорттарының жобасы;

бағдарламалар әкімшісі жүргізген, жоспарланатын қаржы жылына ауысатын бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау нәтижелері негізінде жасалады.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 , ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

5. Бюджеттік өтінімнің деректері осы бюджеттік бағдарламаның объективті сипаты негізінде жинақталған бюджеттік бағдарлама туралы нақты және толық ақпаратты айғақтауы тиіс.

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен

6. Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген бюджетті нақтылау жағдайларын қоспағанда, бағдарламалардың әкімшісі жыл сайын тек бір ғана бюджеттік өтінім жасайды.

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен

6-1. Бағдарламаның әкімшісі бюджеттік өтінімді қағазға түсіріп кітапша түрінде және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы электрондық құжат түрінде енгізуге міндетті.

Бюджеттік өтінімді табыс ету кестесін уәкілетті орган белгілейді және бағдарламалар әкімшісіне жеткізеді.

Бюджеттік өтінімнің уәкілетті органда тіркелген күні оның табыс етілген күні болып есептеледі.

Әрбір бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік өтінімін қарау уәкілетті органға түскен күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Орталық және жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік өтінімдерді қарап, оларға осы бюджеттік заңнамаға сәйкес бағалау жүргізеді және солар бойынша тиісті қорытынды дайындайды.

Бюджеттік өтінім Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының оны жасау және табыс ету жөніндегі талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, орталық және жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік өтінімді бағдарламаның әкімшісіне қайтарады.

Бюджеттік өтінім орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде болмаған және қағазға түсіріп берілген бюджеттік өтініммен сәйкес келмеген жағдайда, орталық уәкілетті орган оны қарамастан бюджеттік бағдарламалардың

әкімшісіне

қайтарады.

Бағдарламалар әкімшісі пысықталған бюджеттік өтінімді ол қайтарылған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға табыс етеді.

Ескерту: 6-1-тармақпен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 10 мамырдағы N 65, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

7. Бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік өтініміне мыналар:

1) басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (ішкі бағдарламалардың) тізбесі;

2) бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазба;

3) бюджеттік бағдарламаны іске асыру кезеңіне қарай, үш жылдық кезеңге арналған нақтыланған мақсаттары, міндеттері, іс-шаралары, орындалу мерзімі, күтілетін нәтижелері, индикаторлары бар бюджеттік бағдарлама паспортының ж о б а с ы ;

4) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүргізген, жоспарланатын қаржы жылына ауыстырылатын бюджеттік бағдарламаның тиімділігін бағалау н ә т и ж е л е р і ;

5) байланысты гранттар сомасын жұмсалыу бағыттары бойынша міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты гранттар туралы ақпараты;

6) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты емес гранттар туралы ақпараты;

6 - 1) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

7) бюджеттік өтінімге енгізілген бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстар есебі (бұдан әрі - шығыстар есебі);

7-1) осы Ережеге 50-1 қосымшаға сәйкес бас бухгалтер (қаржы бөлімінің бастығы) қол қойған мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелерін есептеу техникасымен және ұйымдастыру техникасымен нақты қамтамасыз ету ж ө н і н д е г і а қ п а р а т ы ;

8) басқа да ақпараттар жатады.

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61, 2005 жылғы 10 мамырдағы N 65, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

7-1. Бағдарламалар әкімшісінің ақпараттандыру саласындағы шығыстарды қамтитын бюджеттік өтінімі Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің

2004 жылғы 22 маусымдағы N 94 және Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 17 мамырдағы N 101-п бірлескен бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 12 маусымда N 2935 тіркелген) Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі нұсқаулықтың нысандарында берілуі тиіс.

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

8. Мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатудан түскен ақша түсімдері мен тиісті қаржы жылына арналған болжамы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жасалады және шығыстарының болжамы бюджеттік өтініммен бірге ұсынылады.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 , Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

9. Бюджеттік өтінім жылдық қаржыландыру жоспарын және түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау үшін негіз болып табылады.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен

10. Бюджеттік өтінімге бағдарламалар әкімшісінің (мемлекеттік мекеменің) басшысы қол қояды. Бюджеттік өтінімде тиісті бағдарламалар әкімшісінің (мемлекеттік мекеменің) жауапты орындаушысының аты-жөні, әкесінің аты, лауазымы, жұмыс телефоны міндетті түрде көрсетіледі.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен

10-1. Бюджеттік өтінімнің титулдық парағы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

1 0 - 2 . < * >

Ескерту: 10-2-тармақ алынып тасталды - Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

10-3. Уәкілетті органның немесе тиісті бюджет комиссиясының бюджеттік өтінімді қарау кезінде ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламентінде (мәслихатта) республикалық (жергілікті) бюджет жобасының өзгерген жағдайында бюджеттік өтінімнің деректері қарастырудың әрбір кезеңінде қағаз тасығышта және орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде нақтылауға жатады.

Ескерту: 10-3-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 , ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

10-4. Бағдарламалардың әкімшісі алдағы қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімді орталық уәкілетті органға ағымдағы қаржы жылының 1 маусымына дейін табыс етеді.

Ескерту: 10-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

2. Бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазбаның мазмұны

Ескерту: 2-тарау жаңа редакцияда жазылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

11. Бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазба бюджеттік бағдарламаның қысқаша сипатын анықтайды, оның мәнін, республика мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында қажеттігі мен ролін ашады, өткен жылғы бюджеттік өтінімнен ауытқу себептерін көрсетеді.

11-1.Түсіндірме жазбада мынадай тармақтар бойынша ақпарат айтылуы қажет:

1) осы проблема бойынша ағымдағы сәтте қалыптасқан ахуалға шолу, оның ішінде бұл мәселе бойынша осы не басқа бюджеттік бағдарламаны іске асыру барысында қабылданған шаралар және оның нәтижелері;

2) ұсынылып отырған бағдарламаның шеңберінде қолдану (өткізу) жоспарланып отырған бюджеттік одан арғы қажетті шаралар (іс-шаралар, жұмыстар) күтілетін нәтиже және индикаторлар;

3) осы бюджеттік бағдарламаның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесі;

4) сандық көрсеткіштер мен қаржы ресурстары бойынша осындай қажеттіліктің негіздемесін және салыстырма (өтпелі) кестені қоса бере отырып, қолданылып жүрген бюджеттік бағдарламаларды арттыру, жою, біріктіру не бөлшектеу жөніндегі ұсыныстар;

5) осы бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру тоқтатылған немесе

қысқартылған жағдайда мүмкін боларлық жағымсыз салдарлар;

б) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдардың осы мәселе жөніндегі бар көзқарастары;

7) осы бюджеттік бағдарламаны орындауды басқа мемлекеттік органдардың ұқсас бюджеттік бағдарламаларымен, басқа ұйымдар, оның ішінде шетелдерде әлемдегі бар стандарттар не рынок жағдайында қалыптасқан жұмыстардың, қызметтердің осы түрлерін орындауға қойылатын талаптар жөніндегі іс-шараларымен салыстырып талдау;

8) әрбір нұсқаның оң және теріс жақтарын сипаттай отырып, көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді іске асырудың баламалы нұсқалары;

9) ағымдағы жылдың аяқ шенінде бюджеттік бағдарламаны бағалауға болатын күтілетін нәтиже және индикаторлар аталсын.

Ескерту: 11-1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

11-2. 4)-8)-тармақтар бойынша ақпарат осындай ақпарат болған жағдайда көрсетіледі.

2-1. Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) паспортын жасау тәртібі

Ескерту: 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

11-3. Бюджеттік бағдарлама паспорттың жобасы бюджеттік бағдарламаның мақсаттарын, нормативтік-құқықтық негізін, міндеттерін, іс-шараларын, жауапты орындаушыларын, орындалу мерзімдерін, ұлттық валютамен көрсетілген құнын, қаржыландыру көздерін, күтілетін нәтижелерді, индикаторларды айқындайтын құжат болып табылады .

Ескерту: 11-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

11-4. Паспорттың жобасы осы Ережеге 2-1-қосымшаға сәйкес нысанда жасалады және өзіне мынадай тармақтарды қамтиды:

1) бюджеттік бағдарламаның құны:

осы тармақта бюджеттік бағдарламаны іске асыру үшін қажет жоспарланатын жылға, егер даму бағдарламасы болса жылдар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі .

Басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) (бұдан әрі - инвестициялық жоба (бағдарлама)) басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (ішкі бағдарламалардың) іске асырғаннан бастап өткен кезең ішінде игерген

сомаларды бөліп көрсетумен инвестициялық жобаның толық құнын, ағымдағы қаржы жылына және инвестициялық жобаны (бағдарламаны) іске асыру аяқталғанға дейін кейінгі жылдарға жоспарланған соманы қамтуы тиіс;

2) бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:

осы тармақта мемлекеттік функциялар, осы бюджеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың қажеттілігін анықтайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдері.

Бұл ретте заңнама кесімдерді қоспағанда, Заңның және нормативтік құқықтық кесімнің атауын, күнін және нөмірін толық көрсету тиіс, заңнама кесімдеріне сілтеме жасалған жағдайында баптардың нөмірлерін міндетті түрде

к ө р с е т у к е р е к ;

3) бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:

бюджетті бағдарламаның қаржыландыру көздері республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде үкіметтік заемдар, байланыстырылған гранттар, жоғары тұрған бюджеттен бірлесіп қаржыландыру

б о л у ы м ү м к і н ;

4) бюджеттік бағдарламаның мақсаты:

бюджеттік бағдарламаның мақсаты бюджеттік бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізілуі тиіс белгілі бір түпкілікті нәтиже болып табылады. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты дәл, нақтылы және қол жетімді болуы тиіс.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты ең алдымен елдің стратегиялық даму міндеттерін, республиканың және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарын, орта мерзімді фискалдық саясатты, мемлекеттік салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларды, аумақтың дамуының экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқару функцияларын негізге ала отырып, қалыптастырылады;

5) бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

бағдарламаның мақсаты жеке міндеттерге бөлінеді, яғни басты мақсат бағдарламаны шешу жолдарын құрылымдау және бөлу жолымен неғұрлым жеке

б ө л і н і п ж а н - ж а қ т ы қ а р а л а д ы .

Бағдарламаның міндеттері бағдарламаның мақсатын көрсетеді және анық, айқын, нақты әрі тексерілетін болуы тиіс.

Міндеттер қойылған мақсаттарға жетудің кезеңдерін білдіруі тиіс;

б) бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

іс-шаралар жоспары сандық сипаттамалары бар ұйымдастырушылық, экономикалық, техникалық және басқа да іс-қимылдар кешенін білдіреді. Іс-шаралар жоспарында бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі нақты іс-қимылдар мен іс-шаралар осы іс-қимылдар көзделген кіші бағдарламалар (олар болған жағдайда) бойынша көрсетіле отырып, жауапты орындаушылар (

бағдарламалар әкімшісі) және жылдар бойынша әрбір іс-шараны іске асыру мерзімдері көрсетіледі.

Бұл ретте іс-шаралар бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатын жұмсау бағыттары бойынша көрініс табу керек.

Іске асыру мерзімдері бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне жету жөніндегі іс-шараларды орындауды жоспарлайтын уақыт аралығын анықтайды.

Бюджеттік бағдарламаны жоспарлау кезінде бюджеттік бағдарламаның кезеңдерін іске асыру мерзімдері ресурстарды жұмылдыруға, процестерді іске асыруға және нәтижелердің көрінуіне қанша уақыт қажет болатынын түсінуге мүмкіндігінше негізделуі тиіс.

Бұл ретте, мемлекеттік салалық (секторлық), аймақтық бағдарламаларын іске асыру мақсатында ұсынылатын мерзімдер бюджеттік бағдарламада анықталған іске асыру мерзімдеріне сәйкес келуі тиіс;

Нысаналы трансферттер аудару көзделетін бюджеттік бағдарламалар бойынша нысаналы трансферттер жұмсалатын нақты іс-шаралар егжей-тегжейлі көрсетілуі тиіс;

7) бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер және индикаторлары:

осы тармақ жылдар бойынша бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді, оның ішінде нысаналы трансферттерді пайдаланудан күтілетін нәтижелерді қамтуы тиіс.

Сандық көрсеткіштер бюджеттік бағдарламаның тиімділігіне бағалау жүргізу мүмкін болатын қорытындыланып көрсетіледі.

Ескерту: 11-4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 10 мамырдағы N 65 , 2006 жылғы 1 желтоқсандағы N 185 , ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

2-2. Кредиторлық берешек туралы ақпарат

Ескерту: 2-2-бөлім алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

2-3. Дебиторлық берешек туралы ақпарат

Ескерту: 2-3-бөлім алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

2-4. Алынған және пайдаланылған байланыстырылған гранттар туралы ақпарат

Ескерту: 2-4-тараумен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

11-7. Жұмсалыу бағыттары бойынша (компоненттерге) гранттар сомасын міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланыстырылған гранттар тізбесі ұсынылады және осы Ережеге 2-4-қосымшаға сәйкес нысанда жасалады.

2-4-1. Алынған және пайдаланылған байланыссыз гранттар туралы ақпарат

Ескерту: 2-4-1-тараумен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 10 мамырдағы N 65 бұйрығымен .

11-7-1. Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланыссыз гранттар туралы ақпарат мынадай нысандар бойынша тапсырылады:

1) осы Ережеге 2-4-1-қосымшаға сәйкес шетелде оқытуды қоспағанда, тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге байланыссыз гранттар беру туралы мәліметтер;

Мәліметтерге анықтама ретінде 5, 6 және 7-бағандарда АҚШ долларында көрсетілген сомалар бойынша байланыссыз грант туралы келісімге қол қойылған күнге валюталардың айырбас бағамы туралы ақпарат қоса беріледі, 14-бағанда жобаны іске асыру кезінде қол жеткізілген мақсаттар көрсетіледі;

2) осы Ережеге 2-4-2-қосымшаға сәйкес шетелде оқытуға байланыссыз гранттар беру туралы мәліметтер;

Шетелде оқыту дегеніміз курстар, семинарлар, тренингтер және шетелде Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдары лауазымды тұлғаларының (техникалық персоналды қоспағанда) біліктілігін арттырудың басқа да түрлері.

Кестенің 4 және 5-бағандарында қатысушылар саны әрбір лауазым санаты (деңгейі) бойынша көрсетіледі.

2-5. Мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының болжамы

Ескерту: 2-5-тараумен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

11-8. Мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының тиісті қаржы жылына арналған болжамы осы Ережеге 2-5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

3. Шығыстардың есептеулерін жасау тәртібі

Ескерту: 3-тараудың мәтініне және қосымшаларға өзгертулер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

12. Алдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу үшін мемлекеттік мекемелер бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне 3-50-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша бюджет шығындарының есептеулерін ұсынады.

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .

12-1. Субсидиялауға жіберілетін шығындарды қоспағанда, бюджеттік бағдарлама (ішкі бағдарлама) бойынша шығыстардың есебі бюджеттік бағдарламалардың нормативтік, сандық, құндық көрсеткіштері және бекітілген заттай нормалар негізінде жүзеге асырылады.

Бюджеттік субсидиялардың мөлшері жеке, заңды тұлғалар және шаруа (фермер) қожалықтары өз қаражаты есебінен жабатын құнды алып тастағанда, жеке, заңды тұлғалардың және шаруа (фермер) қожалықтары қызметінің құнын жабуға бағыттталатын сома ретінде айқындалды.

Ескерту: 12-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

12-2. Бағдарламаның әкімшісі бюджеттік өтінімді шығыстар лимиті шегінде енгізуге міндетті түрде .

Бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының (ішкі бағдарламаларының) жалпы құны шығыстар лимиттерінен асып түскен жағдайда , бағдарламалардың әкімшілері орталық уәкілетті органға бюджеттік өтінімнің құрамында :

бекітілген мемлекеттік, салалық (секторлық), өңірлік бағдарламаларды, соның ішінде олардың іс-шаралар жоспарларын;
заттай нормаларды ;

бюджеттік бағдарламалардың (ішкі бағдарламалардың) сандық және құндық көрсеткіштерін өзгерту жөнінде негізделген ұсыныстарды табыс етеді.

Ескерту: 12-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

13. Шығындардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша шығындар есептеулеріне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (мемлекеттік мекеменің) басшысы және бас бухгалтер қаржы-экономикалық бөлімнің бастығы) қол қояды .

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығымен

13-1. Бекітілген штат саны ұлғайтылған жағдайда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бекітілген нысандарға сәйкес бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстар есебін қосымша табыс етеді.

Ескерту: 13-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 10 мамырдағы N 65 , ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен .

13-2. Бағдарламалар әкімшілері бюджеттік өтінімнің құрамында бағдарламалар мен кіші бағдарламалар бөлінісіндегі ұйымда құралдардың (жүргізілген түгендеу негізінде) болу туралы ақпаратты ұсынады.

Ескерту: 13-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 36 бұйрығымен.

14. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша шығындарды есептеу мына нысандар бойынша жасалады:

1) 01-111 нысаны (3 қосымша), оларға тиісінше 12-111, 13-111 және 14-111, 15-111 прокуратура органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің құқық қорғау органдарының, өртке қарсы мемлекеттік қызмет, Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) және кеден қызметі органдарының қызметшілерін, әскери қызметшілерді қоспағанда, әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің жалақыларына арналған шығындарды есептеуге арналған. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" тиісінше 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлықтарын басшылыққа алған жөн.

6-бағанда осы бағанда көрсетілген формула бойынша әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақыларының айлық сомасы айқындалады.

Шығыстар есебінің бұл нысаны әрбір санат бойынша мамандық бойынша жұмыс өтілінің жылдары бөлінісінде толтырылады.

02-111 нысаны (4 қосымша) саяси мемлекеттік қызметшілердің депутаттардың, судьялардың жалақысына жұмсалатын шығындарды есептеуге арналған .

5-бағанда саяси мемлекеттік қызметшілердің, депутаттардың, судьялардың осы бағанда көрсетілген формула бойынша айына лауазымдық айлықтарының сомасы анықталады.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбек ақы төлеудің шарттары өзгеруіне байланысты 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап төленетін жалақыдағы айырманы төлеуге арналған шығындарды есептеуде "Еңбек ақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 ақпандағы N 281 қаулысын басшылыққа алған жөн.

Радиациялық қатер аумақтарында тұрғаны үшін және экологиялық қасірет аймақтарында тұрғаны үшін қосымша төлем есептеуде "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңдарын тиісінше басшылыққа алған жөн.

03-111 нысаны (5 қосымша) төтенше және өкілетті елшілердің, шет елдегі мекемелер қызметкерлерінің жалақысына жұмсалатын шығындарды есептеуге арналған.

3-бағанда осы бағанда көрсетілген формула бойынша айқындалатын лауазымдардың атаулары бөлінісінде 1 қызметкердің айлық лауазымдық айлықтарының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте шетел валютасындағы сомасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен есептеледі.

11-бағанда айлық жалақының қорытынды сомасы анықталады, ол осы бағанда көрсетілген формула бойынша айқындалады.

12-бағанда осы бағанда көрсетілген формулаға сәйкес жылдық жалақының қорытынды сомасы анықталады.

Шығыстар есебінің бұл нысаны әрбір санат бойынша мамандық бойынша жұмыс өтілінің жылдары бөлінісінде толтырылады.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбек ақы төлеудің шарттары өзгеруіне байланысты 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап төленетін жалақыдағы айырманы төлеуге арналған шығындарды есептеуде "Еңбек ақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 ақпандағы N 281 қаулысын басшылыққа алған жөн.

Радиациялық қатер аумақтарында тұрғаны үшін және экологиялық қасірет аймақтарында тұрғаны үшін қосымша төлем есептеуде "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап

шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңдарын тиісінше басшылыққа алған жөн.

Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлерінің жалақыларына арналған шығындар есептеулерін жасау үшін мына нысандар т о л т ы р ы л а д ы :

04-111 нысаны (6 қосымша) мемлекеттік білім беру мекемелері қызметкерлерінің жалақыларына арналған шығындарды есептеу үшін;

05-111 нысаны (7 қосымша) жоғары білім беру және ғылым мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің жалақыларына арналған шығындарды есептеу үшін . Осы нысанды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономикалық және жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің оқу орындарынан басқа жоғары білім мекемелері т о л т ы р а д ы ;

06-111 нысаны (8 қосымша) денсаулық сақтау мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің жалақыларына арналған шығындарды есептеу үшін;

07-111 нысаны (9 қосымша) әлеуметтік қамсыздандыру мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің жалақыларына арналған шығындарды есептеу үшін ;

08-111 нысаны (10 қосымша) мәдениет және мұрағат ісі мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің жалақыларына арналған шығындарды есептеу үшін ;

09-111 нысан (11 қосымша) дене шынықтыру және спорт мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің жалақыларына арналған шығындарды есептеу үшін ;

10-111 нысан (12 қосымша) мемлекеттік білім, жоғары білім және ғылым, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және мұрағат ісі, дене тәрбиесі және спорт органдарын, құқық қорғау органдарын, Қазақстан Республикасы Республикалық ұлан, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі мекемелерін қоспағанда басқа мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жалақыларына арналған шығындарды есептеу үшін.

Көрсетілген нысандардың 14-бағанында мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының сомасы лауазымдар санаты және мамандығы бойынша жылдардағы қызмет өтілі бөлінісінде айына анықталады.

Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлерінің жалақыларына арналған шығындар есептеулерін жасауда "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес, және қазыналық кәсіпорындар

қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысын басшылыққа алған жөн.

12-111 нысаны (14 қосымша) прокуратура органдары қызметшілерінің (Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасы, округтар, гарнизондар мен әскерлер әскери қызметшілерін қоспағанда, олар бойынша 13-111 нысаны толтырылады) жалақыларына арналған шығындарды есептеуге арналған.

6-бағанда осы бағанда көрсетілген формула бойынша прокуратура органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының айлық сомасы айқындалады.

Шығыстар есебінің бұл нысаны әрбір санат бойынша мамандық бойынша жұмыс өтілінің жылдары бөлінісінде толтырылады.

37-баған прокуратура органдары қызметшілеріне сыныптық шен түрлеріне байланысты сыныптық шендер үшін қосымша төлем төлеуге арналған шығындарды есептеуге арналған.

13-111 нысаны (15 қосымша) құқық қорғау органдары, мемлекеттік өртке қарсы қызметтер, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтері, Қылмыстық-атқарушы жүйесі органдары қызметкерлерінің жалақысына арналған шығындарды есептеуге арналған.

14-баған құқық қорғау органдары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, Қылмыстық-атқарушы жүйесі қызметшілеріне лауазым санаты бөлінісінде айына лауазымдық жалақыларының сомасын есептеуге арналған.

34-баған арнайы атақ түрлеріне байланысты арнайы атақтар үшін қосымша төлем төлеуге арналған шығындарды есептеуге арналған.

35-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақы алатын құқық қорғау органдары, өртке қарсы мемлекеттік қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, Қылмыстық-атқарушы жүйесі қызметшілерінің саны көрсетіледі, ал 36-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақы сомасы көрсетіледі. Бұл жағдайда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақының жалпы сомасы лауазымдық жалақының жалпы сомасының 15 пайызынан жоғары болмау керек.

14-111 нысан (16 қосымша) әскери қызметшілердің жалақысына арналған шығындарды есептеуге арналған.

14-баған әскери қызметшілерге лауазымдар санаты бөлінісінде айына лауазымдық жалақы төлеуге арналған шығындарды есептеуге арналған.

34-бағанда әскери атақтардың түріне байланысты әскери атақтар үшін қосымша ақы сомасы есептелінеді.

35-бағанда әскери қызметшілерге қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақы алатын әскери қызметшілердің саны, ал 36-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте қызмет

атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақының жалпы сомасы Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі үшін лауазымдық жалақылар бойынша жалпы соманың 25 пайызынан жоғары емес соманы құрауы керек, басқа органдар үшін - 15 пайыздан жоғары емес.

12-111, 13-111, 14-111 нысандары бойынша жалақыға арналған шығындарды есептеуде Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1283 және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлықтарын басшылыққа алған жөн.

15-111 нысаны (16-1-қосымша) жедел әскери қызмет әскери қызметшілерінің лауазымдық айлықақысы бойынша шығындарды есептеуге арналған.

1-бағанда жедел әскери қызмет әскери қызметшілерінің тарифтік разряды көрсетіледі.

2-бағанда жедел әскери қызмет әскери қызметшілерінің саны көрсетіледі.

3-бағанда осы бағанда көрсетілген формула бойынша айқындалатын бір айдағы лауазымдық айлықақының сомасы көрсетіледі.

4-бағанда осы бағанда көрсетілген формулаға сәйкес бір жылдағы лауазымдық айлықақының сомасы айқындалады.

Радиациялық қатер және экологиялық қасірет аймақтарында тұрғаны үшін қосымша төлем есептеуде (12-111, 13-111, 14-111, 15-111-нысандар) Қазақстан Республикасының "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы және "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңдарын басшылыққа алған жөн.

2) 01-112 нысаны (17 қосымша) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы N 3038 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" 2002 жылғы 21 наурыздағы N 825 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдар орталық аппараттарының және олардың ведомстваларының мемлекеттік қызметшілеріне жылына екі лауазымдық жалақы мөлшерінде сыйлық беру үшін қосымша ақшалай төлемдерге арналған шығындарды есептеуге арналған.

Ескерту: 2-тармақшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2006 жылғы 1 желтоқсандағы N 185 бұйрығымен.

3) 01-113 нысаны (18 қосымша) Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне өтемақы төлемдеріне жұмсалатын шығындарды есептеуге арналған, оларға еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы N 3038 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" 2002 жылғы 21 наурыздағы N 825 Жарлығына с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

4) 01-114 нысаны (19 қосымша) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің жинақтаушы зейнетақы қорларына соттардың белгіленген міндетті зейнетақы жарналарына қосымша және міндетті зейнетақы жарналарына жұмсалатын шығындарды есептеуге арналған.

Соттардың белгіленген міндетті зейнетақы жарналарына қосымша және әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары және Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқарушы жүйесі комитеті, қаржы полициясы және өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдары қызметкерлерінің жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының сомасын есептеуде "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңын басшылыққа алған жөн.

2-бағанда 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай кемінде 10 жыл әскери қызметте, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында қызмет өтілі бар әскери қызметшілердің және ішкі істер және Қылмыстық-атқарушы жүйесі комитеті, қаржы полициясы және өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын және әскери (арнайы) атағы бойынша жалақының (қосымша ақының) сомаларынан тұратын айына ақшалай ұ с т а у с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

3-бағанда жинақтаушы зейнетақы қорларына жарнаның мөлшері көрсетіледі.

4 және 5-бағандарда формулаларға сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына айына және жылына жарналардың сомалары анықталады.

Ескерту: 4) тармақшаға өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007.12.27. N 227 Бұйрығымен.

4-1) 01-115 нысаны (19-1-қосымша) алқабилер еңбекақысы шығыстарын е с е п т е у г е а р н а л ғ а н .

Алқабилердің еңбекақысы»"Алқабилер туралы" Қазақстан Республикасының

2006 жылғы 16 қаңтардағы N 121 Заңына сәйкес есептеледі.

Ескерту: 4-1) тармақшамен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007.12.27. N 227 Бұйрығымен.

5) 01-121 нысаны (20 қосымша) мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салық төлеуге арналған шығындарды есептеуге арналған.

Жоспарланған жылға арналған әлеуметтік салық сомасын есептеу кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық Кодексі) б а с ш ы л ы қ қ а а л у қ а ж е т .

1-бағанда еңбек ақының салық салынатын қоры, 2-бағанда әлеуметтік салық ставкасы Қазақстан Республикасының, 3-бағанда осы бағанда көрсетілген формула бойынша анықталатын жылына салық сомасы көрсетіледі.

5-1) 01-122 нысаны (20-1-қосымша) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге шығыстарға арналған.

Жоспарланып отырған жылға арналған әлеуметтік аударымдардың сомасын есептеген кезде "Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 қаулысын б а с ш ы л ы қ қ а а л у қ а ж е т .

1-бағанда салық салынатын жалақы қоры, 2-бағанда әлеуметтік аударымдар ставкасы, 3-бағанда осы бағанда көрсетілген формула бойынша айқындалатын жылдық әлеуметтік аударым сомалары көрсетіледі.

6) 01-125 нысаны (21 қосымша) бойынша есепті автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу жүргізіледі. Осы нысанды балансында автокөлік құралдары есепке алынған мемлекеттік мекемелер автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға арналған шығындар сомасын анықтау үшін толтырады.

Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеуде "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңын б а с ш ы л ы қ қ а а л у қ а ж е т .

7) 01-131 нысанды (22 қосымша) ішкі істер, ҚорМ, ҰҚК, ҚР Республикалық ұлан органдарының, денсаулық сақтау және ветеринария мекемелерін қоспағанда, тамақтануға арналған шығындарды есептеу үшін мемлекеттік білім беру және әлеуметтік қорғау мекемелері толтырады.

2-бағанда тамақ өнімдерін алушылардың атауы көрсетіледі.

3-бағанда тағам нормасы белгіленген бірліктердің орташа саны көрсетіледі: білім беру мекемелерінде - оқушылардың (балалардың)

орташа жылдық саны
элеуметтік қамсыздандыру - тұрғындардың орташа жылдық
мекемелерінде саны

4-бағанда мекеменің бір жылда жұмыс істейтін күндерінің саны көрсетіледі.

5-бағанда заңнамада белгіленген тағам нормасы көрсетіледі.

6-бағанда осы бағанда көрсетілген формулаға сәйкес анықталатын шығындар
с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

02-131 нысанын (23 қосымша) ҚР ішкі істер, ҚорМ, ҰҚК, Республикалық
ұлан органдарының мемлекеттік мекемелері толтырады.

2-бағанда тағам өнімдерін алушылардың атауы көрсетіледі.

3-бағанда тағам нормалары белгіленген мерзімді қызметтегі әскери
қызметшілердің орташа саны көрсетіледі.

4-бағанда мекеменің жылына жұмыс істеу күндерінің саны көрсетіледі.

5-бағанда ақшалай алғанда бір адамға заңдармен белгіленген тағам нормасы
к ө р с е т і л е д і .

6-бағанда мерзімді қызметтегі 1 әскери қызметшіге айына ақшалай алғанда
темекі бұйымдарын босатудың заңдармен белгіленген нормасы көрсетіледі.

7-бағанда мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін темекі бұйымдарына
арналған шығындарды есептеу үшін айлардың саны көрсетіледі.

8-бағанда осы бағанда көрсетілген формулаға сәйкес анықталатын
шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

03-131 нысанын (24 қосымша) мемлекеттік ветеринариялық мекемелер
т о л т ы р а д ы .

2-бағанда тағам өнімдерін алушылардың атауы көрсетіледі.

3-бағанда азық нормалары белгіленген жануарлардың түрлері бойынша
о р т а ш а с а н ы к ө р с е т і л е д і .

4-бағанда мекеменің жылына жұмыс істеу күндерінің саны көрсетіледі.

5-бағанда ақшалай алғанда бір өлшемге заңдармен белгіленген азық-түлік
н о р м а с ы к ө р с е т і л е д і .

6-бағанда осы бағанда көрсетілген формулаға сәйкес анықталатын шығындар
с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

04-131-нысаны (25 қосымша) денсаулық сақтау мекемелерінде тамаққа
арналған шығындарды есептеу үшін жасалады. Бұл ретте "Республиканың
мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын
және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы
" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 128
қаулысын басшылыққа алған жөн.

2-бағанда бөлімшелердің (жекелеген ұйымдардың) атауы көрсетіледі;

3-бағанда жылына төсек-күндердің саны көрсетіледі;

4-бағанда жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген заттай нормаларды ескере отырып, теңгемен 1 төсек-күнге арналған тамаққа жұмсалатын шығыстар нормасы көрсетіледі;

5-бағанда осы бағанда көрсетілген формулаға сәйкес анықталатын шығыстардың сомасы көрсетіледі.

8) 01-132-нысанды (26 қосымша) дәрі-дәрмектерге, мал дәрігерлік препараттарға және медициналық мақсаттағы өзге де құралдарға арналған шығындарды есептеу үшін, денсаулық сақтау мекемелерінен басқа мемлекеттік мекемелер толтырады.

Дәрі-дәрмектерге және медициналық мақсаттағы өзге де құралдарға арналған шығындарды есептеу кезінде мемлекеттік мекемелер бағандарда мынадай көрсеткіштерді көрсетеді:

2-бағанда алушылардың атауы көрсетіледі;

3-бағанда күніне алушылардың орташа саны көрсетіледі;

4-бағанда мекеменің бір жылда жұмыс істеу күндері көрсетіледі;

5-бағанда заңнамада белгіленген күніне 1 бірлікке дәрі-дәрмектер босатудың нормасы көрсетіледі;

6-бағанда осы бағанда көрсетілген формулаға сәйкес шығыстардың сомасы анықталады.

02-132-нысаны (27 қосымша) денсаулық сақтау стационарлық мекемелерінде дәрі-дәрмектерге арналған шығындарды есептеу үшін толтырылады.

2-бағанда бөлімшелердің атауы көрсетіледі;

3-бағанда емделген науқастардың жоспарланған саны көрсетіледі;

4-бағанда күніне 1 науқасты емдеу курсының теңгемен құны көрсетіледі;

5-бағанда 1 науқастың төсекте жатқан күндерінің орташа саны көрсетіледі;

6-бағанда осы бағанда көрсетілген формулаға сәйкес анықталатын дәрі-дәрмектерге арналған шығыстардың сомасы көрсетіледі.

03-132-нысаны (28 қосымша) амбулаториялық-емханалық мекемелерде дәрі-дәрмектерге арналған шығындарды есептеу үшін жасалады.

1-бағанда бір жылда дәрігерлік қатынасулардың саны көрсетіледі;

2-бағанда 1 дәрігерлік қатынасуға дәрі-дәрмектердің құны көрсетіледі;

3-бағанда осы бағанда көрсетілген формулаға сәйкес анықталатын дәрі-дәрмектерге арналған шығыстардың сомасы көрсетіледі.

9) 01-134-нысан (29 қосымша) әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының қызметкерлері, кәсіби авариялық-құтқару құрылымдарының құтқарушылары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері, әскери оқу орындарының курсанттары, әскери мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері үшін мүліктік керек-жарақ заттарын сатып алуға, тігуге және жөндеуге, кеден қызметінің, прокуратура органдарының

қызметшілері, судьялар, сот приставтары үшін арнайы және пішімдік киім-кешектерге, мемлекеттік орман күзетінің және аң шаруашылығы, өсімдік карантині бойынша мемлекеттік фитосанитарлық қызметтің және мемлекеттік шекарада және көлікте малдәрігерлік қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік малдәрігерлік қызметтің қызметкерлері үшін пішімдік киім-кешекке арналған шығындарды есептеу үшін толтырылады.

2-бағанда мүліктік керек-жарақ заттарын, пішімдік және арнайы киім-кешектер алушылардың атауы көрсетіледі.

3-бағанда мүліктік керек-жарақ заттарын, пішімдік және арнайы киім-кешектер алушылардың орташа жылдық саны көрсетіледі.

4-бағанда ақшалай түрде 1 алушыға бір жылға арналған мүліктік керек-жарақ заттарына, пішімдік және арнайы киім-кешектерге заңнамада белгіленген норма көрсетіледі.

5-бағанда осы бағанда көрсетілген формулаға сәйкес анықталатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

10) 01-139 нысаны (30-қосымша) денсаулық сақтау мекемелеріне жұмсақ мүкәммал сатып алуға арналған шығыстарды есептеу үшін толтырылады. Бұл нысанды мемлекеттік амбулаторлық-емханалық және стационарлық денсаулық сақтау мекемелері толтырады.

Бұл ретте "Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 128 қаулысын басшылыққа алған жөн.

Егер, жұмсақ мүкәммал сатып алуға арналған шығыстарды есептеу амбулаторлық-емханалық мекемелер үшін жүргізілсе, онда бағандарда мынадай көрсеткіштер көрсетіледі:

1-бағанда бөлімшелердің (жекелеген ұйымдардың) атауы көрсетіледі;

2-бағанда дәрігерлік лауазымдар саны көрсетіледі;

